Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 15 желтоқсан №4712-25-00-2/3429 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.А.Борашева,
сот отырысының хатшысы Г.Матжанованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Taslim group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін

ДАУДЫҢ НЫСАНАСЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ЖАУАПКЕР ЖАҚТАН ҮШІНШІ ТҰЛҒА:
жеке кәсіпкер Жумашева Жанат Жалгасовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі -С.Т.Каирбаев
жауапкер өкілдері -А.А.Абжетов, Е.А.Тыншимов
үшінші тұлға -жеке кәсіпкер Ж.Ж.Жумашева

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – Басқарма) 2025 жылғы тамыз айында №15148656-2 «Мұрын жырау Сеңгірбекұлы атындағы Маңғыстау жоғары педагогикалық колледжі» МКҚК ғимаратының ішіндегі үй-жайларға ағымдағы жөндеу жүргізу бойынша жұмыстары» бойынша конкурсын жариялаған (әрі қарай– Конкурс).

Конкурсқа келесі әлеуетті өнім берушілер қатысқан: 1) «Западно Каспийский строймонтаж» ЖШС, 2)«TABYS STROI» ЖШС, 3) «Коммерческая фирма «УНА» ЖШС, 4) «Пром Строй Гарант» ЖШС, 5) «TOMIRIS-A (ТОМИРИС-А)» ЖШС; 6) «Өндірістік кәсіпорындар басқармасы», 7) «Taslim group» ЖШС, 8) «Маңғыстау-Тазалық» ЖШС.

2025 жылғы 12 тамыздағы № 15148656-ОК2 қортынды хаттамасына сәйкес №15148656-2 конкурс бойынша жеңімпаз болып «Маңғыстау-Тазалық» ЖШС, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші «Коммерческая фирма «УНА» ЖШС болып айқындалған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда, 2025 жылдың 15 тамызында «TABYS STROI» ЖШС тарапынан «Маңғыстау-Тазалық» ЖШС және «Taslim group» ЖШС әлеуетті жеткізушілер жалған мәліметтер беруіне қатысты шағымы түскен. Шағымда "Маңғыстау-Тазалық" ЖШС және "Taslim group" ЖШС әлеуетті жеткізушілер конкурстық өтінімдер бойынша жеке тұлға Жумашова Жанат Жалгасовнамен жалған арнайы техниканы жалға алу шартын ұсынған делінген.

Басқарма атынан келіп түскен шағымның негізінде Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментіне анықтау жұмыстарын жүргізуге 18 тамыз 2025 жылы №01-43/98 хат жолданған. Соынмен қатар, жеке тұлға Ж.Ж.Жумашоваға 18 тамыз 2025 жылы №01-43/98 хат жолдаған. 22 тамыз 2025 жылы Ж.Ж.Жумашованың растау хатына сәйкес «Taslim group» ЖШС әлеуеттіжеткізушісімен арнайы техниканы жалға алу шарты жасақталмаған. Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің 29 тамыз 2025 жылғы №04-13-1487 жауап хатына сәйкес, конкурсқа ұсынылған «Taslim group» ЖШС және жеке кәсіпкер Ж.Ж.Жумашова арасында жасалған жалға алу шарты жалған екенін көрсетіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілі қарсы пікір келітіріп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында үшінші тұлға ретінде сұралған Ж.Ж.Жумашова жауапкермен ешқандай шарт жасалмағанын көрсетті.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» (әрі қарай –Қағида) 212 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы болып танылмайды) конкурсқа жіберілмейді егер:

- конкурстық құжаттамаға 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы;

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.12.2025

- әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

- біліктілік талаптары бойынша дұрыс емес ақпарат ұсыну фактісі анықталса. Бұл ретте мұндай фактіні Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, оның ішінде тапсырыс беруші, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында белгілеуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабының 1)тармақшасына сәйкес анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Заңның 8-бабының 4-тармағының 1) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 14-бабының 2-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша беретін ақпараттың анықтығын уәкілетті орган не мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде анықтай алады.

Сот отырысында анықталғандай, Конкурстық құжаттаманың 7-қосымшасына сәйкес құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптарының материалдық ресурстарына: келесі көлік құралдарын : 1) 2 дана - 5 т. кем емес көтеретін борттық автокөлік (Қағиданың 74 тармағына сәйкес, облыстың шекараларына тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген материалдық ресурстарының болуы қажет), 2) 1 дана- жүк көтергіштер, жүк көтергіштігі 5 т кем емес, 3) 2 дана жүк көтерімділігі 5 тоннадан кем емес бортты жүк көліктері (74 тармаққа сәйкес Облыс шекараларында тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген болуы қажет), 4) 2 дана- максималды жүк көтергіштігі 10 т жүк көтергіш крандар ұсыну қажет болған.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.12.2025

«Taslim group» ЖШС конкурстық өтініме 4 тамыз 2025 жылы Ж.Ж.Жумашова арасында арнайы техниканы -10 тонна Автокран краз 6510 жалға алу туралы № 42/25 келісім шартын ұсынған.

Осы жалға алу келісім шарты бойынша «Taslim group» ЖШС-нің конкурсқа қажетті 7 арнайы техникасы болған.

Алайда, сот отырысында үшінші тұлға ретінде сұралған Ж.Ж.Жумашова «Taslim group» ЖШС-мен арнайы техниканы жалға алу шарты жасалмағанын көрсетті.

Жауапкердің конкурс бойынша жасалатын жұмыстар үшін автокран іздестіру нәтижесінде өзін Жұмашева Жанаттың заңды өкілі, есімі «Айгүл» деп таныстырған азаматшамен арада келіссөздер жүргізілген. 4 тамыз 2025 жылы «Taslim Grup» ЖШС-мен Жұмашева арасында жасақталған №41\25 санды арнайы техниканы жалдау келісім шарты бойынша, «КРАЗ-6512» маркалы мемлекеттік белгісі 624 AHR\14 (тіркелген жері Павлодар қаласы) автокраны жалға алынған болатын деген уәждері негізсіз.

Өйткені Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының Конкурстық құжаттамаға 2-қосымшасы – конкурсқа қатысу туралы келісімге сәйкес мемлекеттік сатып алуға әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілетін құжаттарда дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапкершілікті өзіне алатаны көрсетілген.

Осы нормаға сәйкес жауапкер конкурсқа қатысуға өтінімде және оған қоса берілген құжаттарында дұрыс емес мәліметтерді ұсынғаны үшін толық жауапты.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 72 және 73-баптарына сәйкес, әр тарап өзінің негізі ретінде сілтеме жасайтын мән - жайларды дәлелдеуі тиіс. Дәлелдемелерді істі сот талқылауына дайындау сатысында бірінші сатыдағы сотқа ұсынады.

Егер дәлелдемелерді ұсынған тұлғалар оларды істі сот талқылауына дайындау сатысында ұсынудың мүмкін еместігін негіздесе, дәлелдемелер сот талқылауы сатысында ұсынылуы мүмкін.

Жауапкермен сотқа талап қоюшының талабын жоққа шығаратын ешқандай дәлелдемелер табысталмады.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қоюмен сотқа жүгінген.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуіріндегі №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Нормативтік қаулысының 9-тармағының талабына сай Әлеуетті өнім беруші немесе өнім беруші: 1) біліктілік талаптары бойынша;
2) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат ұсынған кезде Заңның 11-бабы 1-тармағының негізінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.12.2025

Мұндай жағдайларда біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттарға қатысты кез келген анық емес мәліметтер өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін негіз болып табылады.

Демек, «Taslim group» ЖШС-нің конкурсқа қажетті материалдық толық ресурсы болмаған, яғни біліктілік талаптарына және конкурстық баға ұсынысына әсер ететкен.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 966 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Маңғыстау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Taslim group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Taslim group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекет баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404- баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 23.12.2025